



**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті
«Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы
Қазақ тілі Оқытушыларының халықаралық бірлестігі**

Қадірлі әріптестер!

2026 жылдың 4 наурызында қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына және 12-сәуір - Ғылым қызметкерлерінің күніне орай **«Ыбырай Алтынсарин және заманауи білім берудегі трансформациялар мен жаңаша ізденістер»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері және Алаштану
- Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар
- Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі
 - Қазіргі педагогиканың өзекті мәселелері
 - Жаратылыстану ғылымдары
 - Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар
 - Білім беруді цифрландыру: жасанды интеллект мүмкіндіктері.

Конференцияны ұйымдастырушылар: Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы, Қазақ тілі Оқытушыларының халықаралық бірлестігі.

Өтетін орны: Тараз қ., Желтоқсан көшесі 69Б, 3-қабат, конференц-зал (*гибридті форматта*).

Уақыты: 2026 жылдың 4 наурызы, 10.00

Конференцияға қатысу үшін 2026 жылдың 20 ақпанына дейін өтініш білдіріп, баяндаманы электронды пошта арқылы жіберу керек.

Ғылыми мақалаға қойылатын талаптар:

Авторлық мақалалардың ешқай жерде жарияланбаған түпнұсқасы қабылданады

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Мақаланы рәсімдеу талаптары:

Мақала мәтіні WORD 6.0 (7.0) мәтіндік редакторында «Times New Roman» қарпімен (өлшемі – 12, аралық интервалы – 1, жол жиегі жоғары және төмен жағынан – 2,0 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см, азат жол басындағы интервал стандартты (1.25 см) жазылуы тиіс. Келесі жолдың ортасында мақаланың тақырыбы қою қаріппен жазылады. Бір жолдан кейін автордың аты-жөні толығымен жазылады. Келесі жолда ұйым, қала атауы, автордың электронды поштасы курсивпен жазылады. Негізгі мәтін бір жолдан кейін басталады. Мақала мәтіні 3-тен 5 бетке дейін.

Әдебиеттерді рәсімдеу үлгісі:

1 Қабдолов З. Сөз өнері– Алматы, 1983. – 365 б.

2 Қордабаев Т.Р., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 2004. – 120б

Конференция материалы электронды жинақ ретінде шығады. Конференцияға қатысу тегін.

Ұйымдастырушылардың байланыс мәліметтері: 080000, Тараз қ., Ш.Мұртаза көшесі, 101 А, Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы; Қазақ тілі Оқытушыларының халықаралық бірлестігі.

Байланыс телефондары: +7 7771704185 (Айнұр Тұрарқызы), +7 775302 1700 (Жанат Асылханқызы), +7 7770850401 (Жадыра Манатқызы)
e-mail: baysakalova1984@mail.ru

«Ыбырай Алтынсарин және заманауи білім берудегі трансформациялар мен жаңаша ізденістер»

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

Қатысушы сауалнамасы

1. Аты-жөні	
2. Мемлекет, қала	
3. Жұмыс орны, қызметі	
4. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
5. Ұялы телефоны	
6. Электронды пошта (e-mail)	
7. Баяндама (мақаланың) тақырыбы	
8. Секцияның атауы	

Мақала мазмұнына автор жауап береді. Ұйымдастыру комитеті талаптарға сәйкес келмейтін мақалалардан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.